



Ақсу өңірі

Газет 1934 жылғы 1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

● №15 (10 321) ● 24 сәуір ● жұма ● 2026 жыл ● aksuoniri@mail.ru

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ Өңірлік ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САММИТТІҢ ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫСЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕДІ



Өңірлік экологиялық саммиттің пленарлық отырысының ашылуында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Армения Президенті Ваагн Хачатурян, Моңғолия Президенті Ухнаагийн Хурэлсух, Грузия Президенті Михаил Кавелашвили, Өзбекбайжан Премьер-министрі Али Асадов, БҰҰ Бас хатшысының экономикалық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Ли Цзюньхуа, БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, БҰҰ Қоршаған орта бағдарламасының директоры Ингер Андерсен, сондай-ақ, БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының атқарушы хатшысы Татьяна Молчан баяндама жасады.

Өңірлік экологиялық саммиті БҰҰ және басқа да халықаралық ұйымдармен бірге ұйымдастырылып отыр. Диалог алаңының мақсаты – экожүйелерді, су және жер ресурстарын қорғау, қалпына келтіру әрі бірлесе пайдалану бойынша кешенді саясат пен тетіктерді қалыптастыру, Орталық Азия өңірінің биоалуантүрлілігін сақтау.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жиында сөйлеген сөзімен мына сілтеме арқылы таныса аласыздар.

ҚАЗАҚСТАН МЕН МОҢҒОЛИЯ ПРЕЗИДЕНТТЕРІ КЕҢЕЙТІЛГЕН ҚҰРАМДА КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ



Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ухнаагийн Хурэлсухтың келіссөзі ресми делегация мүшелерінің қатысуымен кеңейтілген құрамда жалғасты.

Тараптар екі елдің сан қырлы ынтымақтастығы достық пен өзара қолдау рухында дамып келе жатқанына назар аударды.

Президент шақыруын қабыл алып, елімізге мемлекеттік сапармен келгені және Аймақтық экологиялық саммитке қатысуға ниет білдіргені үшін Моңғолия Президентіне алғыс айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылы қазанда Моңғолияға жасаған мемлекеттік сапарын ықыласпен еске алып, соның нәтижесінде көптеген уағдаластыққа қол жеткізілгенін, ал екіжақты қарым-қатынас стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілгенін атап өтті.

– Сауда-экономикалық ынтымақтастығымыз нығая түсуде. Бірқатар жетістіктер бар. Тауар айналымы жылдан жылға артып келеді. Өнеркәсіп саласына қатысты нақты жобаларды іске қосуды жоспарлап отырмыз. Бүгін елордамызда Қазақ-моңғол бизнес - форумы өтеді. Оған Моңғолиядан келген көптеген компаниялар қатыспақшы. Біз мұны толық құптаймыз. Сіздің де тарапыңыздан көрсетілген қолдауға ризашылығымды білдіремін, – деді Мемлекет басшысы.

Былтыр Қазақстан мен Моңғолия арасындағы сауда көлемі 7,7 пайызға өсіп, 130 миллион доллардан асқан.

Өз кезегінде Ухнаагийн Хурэлсух бұл сапар нәтижесінде қос халықтың достығы мен сан қырлы ынтымақтастығы нығая түсетініне сенім білдіріп, Қазақстанды Моңғолияның Орталық Азиядағы алғашқы стратегиялық серіктесі деп атады.

– Достық қатынастарды одан әрі күшейтуге, сондай-ақ сауда-экономикалық ынтымақтастығымыздың аясын кеңейтуге сыртқы саясатымызда ерекше басымдық береміз. Соңғы екі жылда көптеген ортақ міндеттерді қолға алып, өзара серіктестігімізді жаңа деңгейге көтердік. Екі ел арасындағы сенімді байланыстарды нығайтуда заң шығарушы органдар айырықша рөл атқарады. Өзара серіктестік әлеуеті зор. Сіздің 2024 жылғы елімізге сапарыңыз аясында Моңғолия мен Қазақстан арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты жандандыру бойынша 2025-2027 жылдарға арналған жол картасына қол қойылған еді. Ендігі міндет – өзара тауар айналымын 500 миллион долларға дейін жеткізу, – деді Моңғолия Президенті.

Ухнаагийн Хурэлсух Қазақстан Президентін жаңа Конституцияны қабылдау бойынша жалпыұлттық референдумның табысты өтуімен құттықтап, бұл тарихи уақиға Қазақстанның өсіп-өркендеуіне, заң үстемдігіне негізделген қоғам құруға негіз болатынына сенім білдірді.

Келіссөз барысында тараптар ауылшаруашылығы, жеңіл өнеркәсіп, цифрландыру, тау-кен, туризм, кәлік-логистика, өңіраралық байланыс бағыттарындағы өзара тиімді серіктестік перспективасын талқылады.

Мемлекеттер басшылары бұл ретте Үкіметаралық комиссияның жұмысын жан-

дандыру, Астана – Ұлан-Батыр, Өскемен – Өлгей бағыттарындағы әуе рейстерін қайта ашу, екі ел арасында төте автокөлік жолын салу мәселесін пысықтау мақсатында Үкіметаралық жұмыс тобын құрудың маңызына мән берді.

Қазақстан Президенті Баян-Өлгей аймағында Қазақстан консулдығын ашуға көрсеткен қолдауы үшін Моңғолия Президентіне алғыс айтты.

Бұдан бөлек, кездесуде екі елдің білім беру, мәдениет және туризм салаларындағы ынтымақтастығын ілгерілету мәселесі қарастырылды.

Келіссөз қорытындысы бойынша екі елдің ресми делегация мүшелері қол қойылған құжаттармен алмасты:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі мен Моңғолия Сыртқы істер министрлігі арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы меморандум;
2. Қазақстан Республикасы мен Моңғолия арасында сауда-экономикалық ынтымақтастықты жандандыру жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум;
3. Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі мен Моңғолия Өнеркәсіп және минералды ресурстар министрлігі арасында атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану бойынша өзара түсіністік туралы меморандум;
4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мен Моңғолия Қаржы министрлігі арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандум;
5. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мен Моңғолия Өнеркәсіп және минералды ресурстар министрлігі арасындағы мұнай саласы бойынша ынтымақтастық туралы меморандум;
6. Мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастық жөніндегі 2026-2027 жылдарға арналған іс-қимыл жоспары;
7. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі мен Моңғолия Банкі арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум;
8. «Самұрық-Қазына» ҰОҚ» АҚ мен «Erdenes Mongol LLC» компаниясы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум;
9. Астана қаласының әкімдігі мен Қарақорым қаласының әкімшілік аппараты арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум («Жаңа Қарақорым» жобасы);
10. Алатау қаласының әкімдігі мен Қарақорым қаласының әкімшілік аппараты арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум («Жаңа Қарақорым» жобасы);
11. Қазақстан Республикасы Президентінің телерадиокөшені мен Моңғолияның Ұлттық қоғамдық радио және теледидары арасындағы өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандум;
12. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы мен Моңғолия Ғылым академиясы арасындағы өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандум;
13. Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты мен Моңғолияның «Шыңғысхан» Ұлттық музейі арасындағы өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандум.

"ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ" ГРАНТЫНА ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

2021 жылдан бері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен шығармашыл жастарды қолдау мақсатында жыл сайын «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты бөлініп келеді.

2026 жылы республикалық деңгейде әрқайсысы 3 млн. теңгеден 30 грант беріледі.

Грантқа Қазақстан Республикасының 14 пен 35 жас аралығындағы (34 жасты қоса алғанда) азаматтары үміткер бола алады.

Грант конкурстық негізде келесі 6 бағыт бойынша жобаларды іске асыру үшін беріледі:

- «Ғылым» – жаңа ғылыми жобаларды және зерттеулерді іске асыруға арналған;
- «Мәдениет» – Қазақстанның мәдени мұрасын насихаттауға, ұлттық дәстүр мен өнерді ілгерілетуге бағытталған жобаларды іске асыруға арналған;
- «Ақпараттық технологиялар» – жаңа IT шешімдер мен жобаларды, оның ішінде жаңадан басталған стартап жобаларды іске асыруға және әзірлеуге арналған;
- «Бизнес» – жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған;
- «Медиа» – жаңа медиа жобаларды, оның ішінде жастар үшін танымдық, пайдалы, қызықты контент құру жөніндегі жобаларды іске асыруға арналған;
- «Волонтерлік» – өзекті, әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталған волонтерлік жобаларды (бастамаларды) іске асыруға арналған.

Үміткерлердің конкурстық өтінімдері 2026 жылғы 21 сәуірден 21 маусым аралығында (21 маусым күні сағат 24:00-ге дейін) қабылданады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар



тізімі (мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде):

Конкурстық өтінім: <https://forms.gle/8Edm9PwoqZQYw287>

2-қосымша сәйкес нысан бойынша жобаның сипаттамасы (PDF форматы);

Жоба бойынша (60 секундтан аспайтын) бейнематериал немесе (10 слайдтан аспайтын) презентация;

3-қосымша сәйкес нысан бойынша шығындар сметасының жобасы (PDF форматы);

Зияткерлік меншік туралы мәлімет (бар болса, PDF форматы);

Жеке куәлік немесе туу туралы куәліктің көшірмесі (PDF форматы).

Анықтама үшін байланыс телефондары: 8 (7172) 74-12-78, 8 777-114-66-82

E-mail: t.urpaqtary2026@gmail.com

(жұмыс күндері сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін).

ДЕРЕКҚҰ: ҚР МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ РЕСМИ ИНТЕРНЕТ РЕСУРСЫ.

БЕЙБІТ ИСАБАЕВ XXV СУРДЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРІ РАМАЗАН ӘБДРАСІЛГЕ БІР БӨЛМЕЛІ ПӘТЕР КІЛТІН ТАБЫСТАДЫ

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев XXV жазғы Сурдлимпиада ойындарының грек-рим күресінен қола жүлдегері, биылғы Қазақстан чемпионы Рамазан Әбдрәсіл мен жаттықтырушысы Әлімжан Базарбекті қабылдады, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Өңір басшысы спортшыны жоғары жетістігімен құттықтап, оның Токио қаласында өткен XXV Сурдлимпиада ойындарындағы жеңісі тек Жетісу үшін ғана емес, бүкіл ел үшін маңызды оқиға болғанын жеткізіп, жылы лебізін білдірді.

– Рамазан Әбдрәсіл жақында Шымкент қаласында өткен сурдо грек-рим күресінен ел кубогының чемпионы атанды. Рамазанның жоғары жетістіктері көпжылдық қажырлы еңбектің, сондай-ақ жаттықтырушысының кәсібилігі мен тынымсыз жұмысының нәтижесі. Осыған орай жаттықтырушы Әлімжан Базарбекұлына осындай талантты спортшы мен еліміздің нағыз патриотын дайындағаны үшін, сондай-ақ отандық спорттың дамуына қосқан үлесі үшін шын жүректен алғысымды білдіремін, – деген Б.Исабаев чемпионға Талдықорған қаласының жаңа шағын ауданында орналасқан тұрғын



үйден бір бөлмелі пәтердің кілтін, жаттықтырушысына ақшалай сыйлық сертификатын тапсырды.

Кездесу барысында облыс әкімі спорттық инфрақұрылымды дамыту мәселесіне де назар аударды. Ол Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың инклюзивті спорт нысандарын

салуды туралы тапсырмасына орай Талдықорған қаласында «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен инклюзивті спорт орталығының құрылысы басталғанын атап өтті.

Кездесу барысында палуан мен жаттықтырушысы өңірде спортты дамытуда жасалып жатқан жағдайлар үшін облыс

басшылығына ризашылығын білдірді.

– Бізге жан-жақты қолдау көрсеткендеріңізге шын жүректен алғыс айтамын. Төрт жылдан кейін Сурдлимпиада ойындарында топ жарып шығамын деген сенімім бар. Соған бар күш-жігерімді саламын, – деді Рамазан Әбдрәсіл.

Кездесу соңында өңір басшысы жас палуанға алдағы Азия-Тынық мұхиты ойындарында үздік өнер көрсетіп, әлемдік аренада ел абыройын асқақтататынына сенім білдірді.

Атап өтсек, былтыр қараша айында Токио қаласында өткен XXV жазғы сурдлимпиада ойындарында Р. Әбдрәсіл қола жүлде иеленсе, биыл 14-16 сәуір күндерінде Шымкент қаласында өткен Қазақстан Республикасының Кубогында I орын иеленіп, Азия-Тынық мұхиты ойындарына жолдама алған болатын.

Жалпы, Жетісу облысында «Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығы» КММ-да есту мүшесі зақымдалған (сурдо) спортшылар арасында грек-рим күресімен 21 спортшы шұғылданады. Аталған орталықта 3 жаттықтырушы жұмыс істейді. 2025 жылдан бері сурдо грек-рим күресінен 1 халықаралық дәредегі спорт шебері, 2 Қазақстан Республикасының спорт шебері, 11 спорт шеберіне үміткер дайындалған.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фотограф: Дмитрий Ерофеев.

«НҰР ЖОЛЫ» ПУНКТИНІҢ ӨТКІЗУ ҚАБІЛЕТІ 5,5 ЕСЕ АРТТЫ



ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНА – 4 ЖЫЛ:

«Қорғас» аймағындағы «Нұр Жолы» өткізу пункті мен «Алтынкөл» стансысы – еліміздің оңтүстік-шығыс шекарасы маңындағы басты көлік тораптары. Қазіргі уақытта мұнда өткізу пунктінде арттыру және цифрландыру бағытында қарқынды жұмыс жүргізілуде, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

«Нұр Жолы» кеден бекеті басшысының орынбасары Серік Дәукеновтің айтуынша, жұмыс тиімділігін арттыру үшін «Нұр Жолы» өткізу пунктінде CarGoRuqsat электрондық кезек жүйесі енгізілген. Пунктің өзі 2023 жылдың тамыз айынан бері тәулік бойғы жұмыс режиміне көшкен. Сондай-ақ биыл пункт аумағында ірі габаритті көліктерге арналған ұзындығы 2,4 шақырым айналма жолдың құрылысы аяқталды. Соның нәтижесінде инфрақұрылымға түсетін жүктеме 40-45% азайып, қызмет көрсетілетін көліктер саны артты.

– Мұнда 12 инспекциялық тексеру кешені, радиациялық бақылауды тексеретін 21 қондырғы бар. Кеден бекетінің өткізу қабілеті жылдан жылға өсіп келеді. Мәселен 2024 жылы екі жақ бағытта 439 мың жүк көлігін өткізсек, былтыр көрсеткіш 542 мыңға жетті, – деді С.Дәукенов.

Сонымен қатар кеден бекеті аумағында бельгиялық «Sagens» компаниясының қойма кешені мен жаңа айналма жол салу жобасы іске асырылуда. «Нұр Жолының» өткізу қабілетін арттыру үшін жинақтау алаңдары мен жол бойындағы инфрақұрылымды дамыту жұмыстары жүргізілуде. Халықаралық автовокзал

құрылысын қоса алғанда, 15 мыңға дейін автокөлікті орналастыруға мүмкіндік беретін төрт инвестициялық жоба іске асырылып жатыр.

Шекаралық аймақтағы негізгі теміржол торабы – «Алтынкөл» стансысында 6 кең жолдан тұратын жаңа экспорттық парктің құрылысы аяқталды. Стансы бекетінің бастығы Данияр Нұрқасымовтың айтуынша, мұнда ұзындығы 294 шақырым болатын «Алтынкөл-Жетіген» учаскесін жаңғырту жобасы іске асырылуда.

– Стансы басында сұрыптау жүйесі және кең табанды жолға қосымша жолдар салынады. Тар табанды жолға қосымша тағы 4 жол қосылады. Жоба аяқталғаннан кейін теміржол бағытының өткізу қабілеті тәулігіне 18-ден 33 жүп пойызға дейін артады, – деді Данияр Нұрқасымов.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес көлік логистикасы инфрақұрылымдық деңгейден экономикалық деңгейге кезек - кезеңімен көшіріліп, соның нәтижесінде «Нұр Жолы» кеден бекеті мен «Алтынкөл» стансысындағы автомобиль және теміржол жолдарының өткізу қабілеті арттырылды, жүк және жолаушылар тасымалы көлемі артып, кірістер ұлғаяды.

Атап өтсек, соңғы 4 жылда «Нұр Жолы» автомобиль өткізу пунктінен екі тарапқа өткен көлік құралдарының саны 99 мың бірліктен (2022 жыл) 542 мың бірлікке (2025 жыл) дейін, яғни, 5,5 есеге өскен.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фотограф: Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

«ҚОРҒАС» ШЫХО-ДА КЕЛУШІЛЕР 967 МЫҢНАН 1,8 МЛН. АДАМҒА ЖЕТТІ



Соңғы жылдарда «Қорғас» ШЫХО-да инфрақұрылымды цифрландыру, автоматтандыру және жаңғыртудың кешенді іс-шаралары жүзеге асырылуда. Соның нәтижесінде аталған орталық туризмді, сауда мен инвестицияны дамытуға бағытталған заманауи инфрақұрылымы бар тиімді алаңға айналды, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

«Қорғас» ШЫХО басқарма төрағасының орынбасары Сейілбек Садырбектің айтуынша, мұнда барлық басқару және өткізу жұмыстары толық цифрландырылып, Face ID жүйесі енгізілген.

– «Қорғас» ШЫХО-ның басты ғимаратына күрделі жөндеу жұмысы жүргізіліп, оған кіруден бастап, тауарды беруге дейінгі процестің бәрі толық цифрландырылды. QR код арқылы онлайн билет алу мүмкіндігі жасалды. Осының нәтижесінде орталықтың өткізу қабілеті айтарлықтай өсті. Мысалы, 2024 жылмен салыстырғанда былтыр келушілер саны 16 пайызға артты. Бұған дейін біз 4-5 мың адам ғана қабылдасақ, қазір 9 мың адамға дейін қабылдау мүмкіндігіміз бар. Биыл бұдан да көп турист келеді деп күтудеміз, – дейді С.Садырбек.

Сонымен қатар екінші багаж терминалы, жүк тасымалдау бойынша «Қазпошта» сервисі іске қосылды. Соның арқасында тауар тасымалдау жеңілдеген. Мәселен, бұған дейін тауар тасымалы 4-5 сағатқа созылса, цифрландырудың арқасында

бұл жұмыс 1-1,5 сағатта атқарылатын болды.

Өз кезегінде тұрғындар қазір бекетте кептеліс азайып, жұмыс едәуір жеңілдегенін айтады. Мәселен, Жаркент қаласының тұрғыны Лилия Жұмаханова:

– Жұмысыма байланысты күнделікті бекет арқылы өтемін. Әр келген сайын оң өзгерістерді байқаймын. Бұрын бекеттегі ұзын-сонар кезек сыртқа дейін созылатын. Қазір бұрынғыдай емес, цифрландыру арқылы кезек бір ізге қойылды, ғимараттың іші кеңейіп, жаңартылды, – деді ол.

Жаркент қаласының тағы бір тұрғыны Мадияр Құрманбаев:


– Бұрын біз билет алу үшін бекетке арнайы келіп, кезекке тұратынбыз. Ол тұрғындарға айтарлықтай қиындық туғызатын. Қазір цифрландырудың арқасында билетті түрлі банк желілері арқылы онлайн алып, бекеттен оңай өтетін болдық, – дейді.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде орталыққа келушілер саны 2023 жылы 966,9 мың болса, бұл көрсеткіш 2025 жылы 1,8 млн. адамға жетті.

Сөйтіп, «Қорғас» ШЫХО инфрақұрылым мен цифрлық сервисті, туризм мен еларалық сауда-саттықты дамытуға ықпал етіп отыр.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ КОНСТИТУЦИЯ



сөз алып, Қазақстан Республикасының Ата Заңы – Конституцияның мәні мен маңызын кеңінен түсіндірді. Ол неке мен отбасыға қатысты заң баптарына тоқталып, әрбір азаматтың құқықтары мен міндеттері туралы нақты әрі түсінікті мәлімет берді. Бұл өз кезегінде ата - аналардың құқықтық сауаттылығын арттыруға үлкен ықпал етті. Сонымен қатар, Жансүгіров әжелер кеңесінің төрайымы К.Ермұханбетова мен аудандық



2026 жылғы 22 сәуір күні М.Байсақұлы атындағы аудандық мәдениет үйінде «Отбасы құндылықтары және Конституция» тақырыбында тағылымы терең, мазмұны бай кездесу өтті. «Жанұя» отбасын қолдау орталығының ұйымдастыруымен өткен бұл жиын – ата - ана мен қоғам арасындағы байланысты нығайтуды көздеген маңызды басқосу болды. Шараға жиналған қауым отбасының қоғамдағы орны, ұрпақ тәрбиесі және заң аясындағы жауапкершілік мәселелерін кеңінен талқылады.

Шараға аудан орталығындағы Ақсу политехникалық колледжінің студенттері, орталықтағы Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп-гимназиясының, Ж.Сыдықов атындағы орта мектебінің және Е.Сықымов атындағы мектеп-интернатының оқушылары мен олардың ата - аналары белсене қатысты.

Жиынға қатысушылардың көптігі мен әртүрлі буын өкілдерінің бір арнада тоғысуы – отбасы құндылықтарының қоғам үшін қаншалықты маңызды екенінің айқын көрінісі болды. Жастар мен ата-аналардың бірлесе қатысуы тәрбиенің сабақтастығын айқындап, ұрпақтар арасындағы өзара түсіністік пен рухани байланысты нығайта түсті.

Жиынды ашқан орталық директоры К.Дәулетбекова өз сөзінде отбасы ұғымының мәнін тереңнен тарқатып, оның адам өміріндегі орнына ерекше тоқталды. Ол отбасы құндылықтарын тек тұрмыстық қағидалар жиынтығы емес, адам жанының шамшырағы, рухани тірегі ретінде сипаттап, «Отбасы құндылықтары – ұрпақтан – ұрпаққа жалғасатын асыл мұра, ол адамдарды жақындастырып, жүректерді табыстыратын алтын көпір» екенін тебіреніспен жеткізді. Оның айтуынша, әрбір тұлғаның қалыптасуында отбасының ықпалы өлшеусіз, себебі, адам бойындағы ізгілік, мейірім, жауапкершілік сынды қасиеттердің бәрі алдымен отбасынан бастау алады.

Кездесу барысында аудандық білім бөлімінің әдіскері Д.Жапар сөз алып, бүгінгі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі – бала тәрбиесіндегі мектеп пен отбасы арасындағы өзара байланысқа кеңінен тоқталды.



Ол қазіргі цифрлық дәуірдің талаптарын ескере отырып, ұялы телефонның пайдасы мен зиянын саралап, киберқауіпсіздік мәселесіне ерекше назар аударды. Баланың саналы да қауіпсіз ортада өсуі үшін ата - ана бақылауының маңыздылығын айта келе, тәрбие ісіндегі бірлескен жауапкершіліктің қажеттігін атап өтті.

Жиында Ақсу аудандық полиция бөлімінің бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Н.Мадимов та сөз сөйлеп, мұндай шаралардың жас ұрпақтың болашағына бағытталған игі бастама екенін жеткізді. Ол жастарды тәртіп пен заңды құрметтеуге шақырып, мектеп бітіруші түлектерге құқық қорғау саласында білім алудың маңызын насихаттады. Ал, ювеналдық полиция тобының инспекторы А.Садатбекқызы «Балалар түнгі қалада» бағдарламасы аясында көмелетке толмағандардың түнгі уақытта ата - анасының қарауынсыз жүруінің салдарына тоқталып, бұл мәселеде ата-ананың жауапкершілігі айрықша екенін ескертті.

Аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы Б.Құрманғалиева

ата - аналар комитетінің өкілі З.Нүсіпхан отбасыдағы сыйластық пен ізеттілік, ұлттық тәрбие мен салт - дәстүрдің рөлі жайында жүрекжарды пікірлерін ортаға салды. Олар ұрпақ тәрбиесінде ата - бабадан қалған асыл мұраларды сақтаудың маңызын айта отырып, отбасы бірлігі – ел бірлігінің негізі екенін ерекше атап өтті.

Ортасында көпшілікті жалқытырып алмау мақсатында орталықтың психологы Балауса Демесінова 10 минуттық тренинг өткізді.

Тағылымы мол бұл іс - шара – қоғамдағы отбасының мәртебесін арттыруға, ата - ана мен бала арасындағы өзара түсіністік пен сенімді нығайтуға бағытталған маңызды қадам болды. Осындай мазмұнды кездесулер арқылы рухани құндылықтар жаңғырып, саналы ұрпақ тәрбиелеудің жаңа белестері айқындала түсетіні сөзсіз.

С.АЙМУХАНОВА,
бұқаралық ақпарат құралдарымен және жұртшылықпен жұмыс жөніндегі маманы.

АШЫҚТЫҚ ПЕН ӘДІЛДІК – БІЗ ҮШІН ЕҢ БАСТЫ ҚАҒИДА



Сыбайлас жемқорлық – қоғам дамуына кедергі келтіретін ең қауіпті әлеуметтік дерттердің бірі. Ол мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін төмендетіп қана қоймай, халықтың билікке деген сеніміне селкеу түсіреді. Сондықтан жемқорлыққа қарсы күрес – әрбір мемлекеттік қызметкердің ғана емес, тұтас қоғамның ортақ міндеті.

Ақсу ауданы әкімдігі тарапынан бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Біз үшін ең басты қағида – ашықтық пен әділдік. Мемлекеттік қызметтің беделі әрбір қызметкердің адалдығы мен жауапкершілігіне байланысты екені анық. Осы ретте, аудан әкімдігі қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуде.

Жемқорлықтың алдын алу – онымен күресуден әлдеқайда тиімді. Сол себепті біз профилактикалық шараларға басымдық береміз. Мемлекеттік қызметшілер үшін тұрақты түрде түсіндіру жұмыстары, семинарлар мен кездесулер ұйымдастырылады. Әр қызметкер заң талаптарын жетік білуі және оны бұлжытпай орындауы тиіс. Сонымен қатар, мемлекеттік қызмет көрсету процесін цифрландыру арқылы адам факторын азайту – жемқорлық тәуекелдерін төмендетудің маңызды тетігі.

Нақтырақ айтсақ, мемлекеттік қызметшінің басты ұстанымы - «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы» Заң. Өйткені жемқорлықпен күрес – мемлекеттік саясаттың басым бағыты.

Мемлекеттік қызмет – бұл мәртебе емес, бұл халыққа қалтқысыз қызмет ету. Заң талаптарын қатаң сақтау және Әдеп кодексінің нормаларын ұстану – әрбір мемлекеттік қызметшінің басты міндеті. Тек адалдық пен кәсібилік қатар жүргенде ғана біз мықты әрі сенімді мемлекет құра аламыз.



Халықпен кері байланыс орнату да – басты назарда. Азаматтардың өтініштері мен шағымдарын жедел әрі әділ қарау, олардың құқықтарын қорғау – біздің міндетіміз. Ашық диалог орнаған жерде сенім қалыптасады, ал сенім бар жерде жемқорлыққа жол жоқ.

Әрбір азамат қоғамдағы әділеттілікті қалыптастыруға өз үлесін қоса алады. Жемқорлыққа қарсы мәдениет отбасынан, тәрбие мен білімнен басталады. Егер біз заңды құрметтеп, адалдықты басты құндылық ретінде ұстансақ, онда болашақ ұрпаққа таза әрі әділ қоғам қалдыра аламыз.

Иә, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – үздіксіз процесс. Ол табандылықты, бірлікті және ортақ жауапкершілікті талап етеді. Ақсу ауданы әкімдігі бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі күшейте отырып, заң үстемдігі мен әділеттілікті қамтамасыз ету жолында қызмет ете береді.

Б.ЕРМҰХАМБЕТОВ,
Ақсу ауданы әкімінің орынбасары.

АУДАНДА КӨКТЕМГІ ЕГІС ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Ақсу ауданының Қызылағаш ауылдық округінде көктемгі дала жұмыстары жоғары түрде жүзеге асырылуда. «Жетісу Агро Комплекс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі егіс науқанын жүйелі түрде жүргізіп келеді.

Атап айтқанда, серіктестік 360 гектар алқапқа күнбағыс дақылын себуде. 12 түрлі сорт бойынша 11 сәуірде басталған егіс жұмыстары аяқталуға жақын. Жұмыстар агротехникалық талаптарға толық сәйкес жүргізілуде.

Жалпы, серіктестік биыл 1400 гектар жерге ауылшаруашылығы дақылдарын орналастыруды жоспарлап отыр. Оның ішінде 360 гектарға күнбағыс, 800 гектарға жүгері, 250 гектарға соя және 50 гектарға қарбыз егу көзделген.

Шаруашылық директоры Қанат Саниязовтың айтуынша, көктемгі



дала жұмыстарын үздіксіз жүргізу үшін барлық қажетті жағдай жасалған. – Биылғы егіс науқаны жоспарға сәйкес өтуде. Мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаудың арқасында арзандатылған дизель отынымен және қажетті минералдық тыңайтқыштармен толық қамтамасыз етілді. Қазіргі таңда техника толық дайындықта, жұмыс күші жеткілікті. Бұл жұмыстарды уақытылы әрі сапалы аяқтауға мүмкіндік береді. Алдағы уақытта агротехникалық талаптарды сақтай отырып, жоғары өнім алуға көзделі отырмыз, – деді ол.

Көктемгі дала жұмыстарының сапалы әрі уақытылы жүргізілуі ауданның аграрлық әлеуетін арттырып, мол өнім алуға негіз қалайды.

Мағжан ШЫНДӨУЛЕТ.

АЛАЯҚТЫҚ ПЕН ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТЫҚ: ҚОҒАМҒА ТӨНГЕН НАҚТЫ ҚАУІП



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Соңғы кезеңде алаяқтық, оның ішінде интернет-алаяқтық қылмыстары жүйелі түрде өсіп, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне тікелей қатер төндіруде. Бұл - жай ғана құқық бұзушылық емес, бұл - қоғамдағы сенімге қарсы бағытталған қылмыс.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 190-бабына сәйкес, алаяқтық үшін қылмыстық жауаптылық көзделген. Алайда, қылмыстың бұл түрі цифрлық кеңістікте жаңа сипат алып, жасырын және ұйымдасқан түрде жүзеге асырылуда.

Қазіргі таңда интернет-алаяқтар:

- жалған сайттар мен қосымшалар арқылы азаматтардың қаражатын иемденуде;
- өзін банк немесе құқық қорғау органдарының қызметкері ретінде таныстырып, құпия деректерді алуда;
- әлеуметтік желілер арқылы жалған инвестициялық жобаларды ұсынып, халықты алдауда;

- азаматтардың сеніміне кіріп, олардың атынан ақша сұрау фактілері жиілеген.

Аталған әрекеттер - тікелей қылмыс. Мұндай құқық бұзушылықтарға жол берген тұлғалар заң алдында қатаң жауапқа тартылады.

Алайда, тәжірибе көрсеткендей, көптеген жағдайларда азаматтардың өздері немқұрайлылық танытып, алаяқтардың құрбанына айналууда. Бұл - жеке қауіпсіздік талаптарын өрескел елемейді салдары болып табылады.

Осыған байланысты, Ақсу ауданының прокуратурасы қатаң түрде ескертеді:

- Банк картасының деректерін, SMS-кодтарды, жеке мәліметтерді үшінші тұлғаларға беруге қатаң тыйым салынады;
- Күмәнді қоңыраулар мен хабарламаларға сену - өз қаражатыңыздан айырылуға тікелей жол;
- Белгісіз сілтемелерге өту және қосымшаларды жүктеу - алаяқтардың негізгі құралы;

- Интернет арқылы «жеңіл табыс», «жылдам инвестиция» ұсынымдары - көп жағдайда алдау схемасы.

Ескерту: құқық қорғау органдары мен банк қызметкерлері ешқашан телефон арқылы құпия ақпарат сұрамайды.

Алаяқтық фактілері бойынша құқық қорғау органдарына дер кезінде жүгінбеу - қылмыскерлердің жауапкершіліктен жалтаруына жағдай жасайды.

Прокуратура «Заң мен тәртіп» қағидатын басшылыққа ала отырып, аталған санаттағы қылмыстардың жолын кесу бағытында қатаң қадағалау жұмыстарын жүргізуде. Әрбір құқық бұзушылық бойынша заңда көзделген шаралар толық келемде қабылданатын болады.

Қоғамда заң талаптарын сақтамауға, немқұрайлылыққа және алаяқтардың әрекеттеріне төзімділік болмайды.

Заң үстемдігі - қауіпсіздіктің кепілі.

Заңды сақтау - әр азаматтың тікелей міндеті.

Д.ТҰРСЫНОВ,
Ақсу ауданының прокуроры.

ТІЛДІҢ МӘСЕЛЕСІ - ҰЛТТЫҢ МӘСЕЛЕСІ



Мемлекеттік тіл тәуелсіздігіміздің жырын жырлап, бұғанасын қатайтты. Ата заң аясында бақ-берекетіміздің сақталып отырғаны тіл саясатын дұрыс жүргізудің жемісі екені анық. Тіл - халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі - ұлттың мәселесі. Тіл меңгеруде ата-ана мен білім ұяларының рөлі ерекше және әр отбасы бөсіктен бастап балаға қазақ тілін үйретуді қолға алу басты мақсат. «Ана тілін білмеген, анасын да сыйламас» демекші өз ана тілін білмеген жаннан, анасын сыйлайтын жанның шығуы екіталай. Халық үшін өзге тілде сөйлеу қауіпті емес, өзге тілде ойлау қауіпті. Қазақ пен қазақтың, әке мен баланың, қазақ тілінде сөйлеспеуі көңілге қонымсыз жайт. Қазақ тілі - тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл - ортақ тіліміз. Қазақстанда тұратын, оны Отаны деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін азаматтардың тілі! Тіл - адамдар арасындағы қарым-қатынастың аса маңызды құралы ғана емес, ойлаудың, дүниетанымның, рухани мәдениетті жасаудың ұлттық ұжымдық тәрбиесін жинақтаудың, сақтаудың құралы. Жас ұрпақты тәрбиелеу, оларға ғылым мен білімді үйрету тіл арқылы жүзеге асады. Мемлекеттік тілді оқыта отырып, жастардың бойына елдік сана сіңіріліп, мемлекеттік рәміз, ұлттық діл, ұлттық болмыс туралы ақпараттар толық берілетіні анық. Біздің қазақ халқының тілі өте бай көркем тіл. Тіл ақылдың - өлшемі. Тіл - адамның барлық саналы өмірінің құралы: өнер-білімді, мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды ол тіл арқылы үйренеді. Тіл оның

ішінде біздің ана тілі еліміздегі халықтардың барлық іс-әрекетінің, қарым-қатынасының құралы болуы тиіс, оның мәдениетін жоғары сатыға көтеру әрбіріміздің борышымыз. Тіл байлығын игеру - ана тілін қадірлейтін, тіл мәдениетінің шыңына қол созатын адамның әрекеті. Тәуелсіздіктің негізгі тірегі - ұлттың тілі. Тілдің тағдыры - баршамыздың қолымызда. Тілін білмейтіндер емес, тілін білгісі келмейтіндер - мәңгірт. Тілдерді дамыту - мемлекеттік саясаттың аса маңызды бағыттарының бірі. Тілді насихаттауда, үйретуде жеке адамдардың, отбасының атқарар қызметі мол болуы тиіс. Әрбір отбасында, осындай тілге деген жанашырлық болса, тіліміздің жағдайы әлдеқайда жоғары деңгейге көтерілер деп ойлаймын. Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен?! Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйтықы болған - оның ғажайып тілі». Тілге деген құрмет - халыққа деген құрмет. Демек әрбір қазақстандық мемлекеттік тілді құрмет тұтып білуі тиіс. Тіл мәртебесі - ел мерейі. Ана тіліміздің мәртебесін үстем етіп, еліміздің мерейін көтерейік. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Өлем таныған ел болу үшін ана тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек. Бұл біздің басты парызымыз.

Меруерт УАЛИ,
Ақсу ауылдық мәдениет үйінің директоры.

Есірткі - адам ағзасына тікелей және ұзақ мерзімді зиян келтіретін улы зат. Дәрігер ретінде басты айтарым: оның «қауіпсіз мөлшері» болмайды, кез келген қолдану денсаулыққа қатер төндіреді.

Біріншіден, есірткі ағзаның негізгі жүйелерін зақымдайды. Жүрек-қан тамыр жүйесінде қан қысымы бұзылып, жүрек талмасы қауіп артады. Бауыр мен бүйрек улану салдарынан өз қызметін толық атқара алмайды. Кейбір есірткілер тыныс алу орталығын тежеп, адамды тұншығуға дейін жеткізуі мүмкін.

Екіншіден, ми қызметіне әсері өте қауіпті. Есірткі жүйке жасушаларын зақымдап, ойлау, есте сақтау, шешім қабылдау қабілеттерін әлсіретеді. Уақыт өте келе адамда тәуелділік қалыптасады. Бұл медициналық тұрғыда Нашақорлық деп аталады. Ол созылмалы ауру ретінде қарастырылады және арнайы емдеуді қажет етеді.

Үшіншіден, психикалық денсаулыққа зияны зор. Есірткі қолданатын адамдарда депрессия, үрей, агрессия, кейде пси-



хоз белгілері байқалады. Кейбір жағдайларда суицид қаупі де жоғарылайды.

Төртіншіден, жұқпалы аурулардың таралу қаупі бар. Инфекциялық есірткі қолданатын адамдар арасында АИТВ инфекциясы мен В гепатиті, С гепатиті сияқты аурулар жиі кездеседі.

Алдын алу - ең тиімді жол. Саулауатты өмір салтын ұстану, спортпен айналысу, дұрыс тамақтану және зиянды әдеттерден бас тарту - денсаулықты сақтаудың негізі.

Егер адамда тәуелділік белгілері байқалса, уақыт жоғалтпай маманға жүгіну өте маңызды.

Қорытынды: есірткі - тек жеке адамның емес, бүкіл қоғамның денсаулығына қауіп. Одан толықтай бас тарту - ең дұрыс шешім.

К.БАХЫТОВА,
аудандық орталық ауруханасының СӨС дәрігері.

МАМАН КЕҢЕСІ!

Жеміс ағаштарының ішінде алма, алмұрт көшеттері облысымыздың әр аймағынан әкелінгендіктен, олардың сорттарының ерекшелігіне сай технологияны сақтап, күтім көрсету қажет. Себебі, әкелінген материал (көшет) түрлі карантиндік аурулармен зақымданған болуы мүмкін. Бактериалды күйік ауруы қауіпті карантиндік аурулар қатарына жатады. Ауданымызда 2016 жылдан бастап аурудың алғашқы ошақтары Жансүгіров, Арасан ауылдық округінің жеке меншік аула иелерінен анықталды. Аурудың орын алуының басты себебі, жеміс ағаштарының көшеттерін сатып алу кезінде сатушыда карантиндік рұқсат етілген құжат (сертификаттың) болмауы аталған аурудың таралуына мүмкіндік туғызады.

Жеміс ауруы ең алдымен гүлдерінде, жапырақтарында, өркендерінде, жемістерінде байқалады. Ауру көктемгі мерзімдегі шырын жүру кезеңінде зақымданған кесік, жаралар бөліктерінен көп таралады. Зиянкестердің қоныстануы аурудың таралуын туындатады.

Жаппай гүлдеу кезеңінде гүлдерімен бұтақтары мезгілсіз тез қоңырқай тартып, солып, қарайып қалады. Жапырақтар ширатылып қурағанымен, ағаш басында қалып қояды. Зақымданған ағаш өртке шалынған кейіпке енеді. Сондықтан күйік ауруы аталынған. Залалданған жас өркендер мен бұтақтар алғашқыда

Жеміс ағаштарының бактериалды күйік ауруынан сақтанаық!



сұйықтықпен толықсығандай болып, біраз күннен кейін жапырақтарымен бұтақтарының қабығы жарылып, ақшыл - сары экссудат бөлініп аға бастайды. Зақымданған ағаш бұтақтары қатпарланып, қара-қоңыр тартып немесе қарайып жарылып кетеді. Көбінесе ауру жоғарғы бұталардан төмен қарай ағу тәрізіндегі поренхималары арқылы таралады. Зақымданған жердің эпидермис қабығының қабаттары бөліктеніп, толарсақ (пузырь) пайда болады. Бұтақ өркендеріндегі жаралар тез үлкейіп, ағаш қабығымен діңіне таралады. Жас жемістерде аурумен залалданып,

жапырақтар секілді ағаш басында қалады. Пысып тұрған (зрелые) жемістердің ерекшелігі аталған аурумен залалданбайды.

Күйік ауруы дезинфекция, телу, кесу жұмыстарының мерзімімен мөлшері, тәртібі сақталмаған салғырт қараған жағдайда өршиді. Өркендермен көшеттер, ауа толқыны, зиянкестер, құстар арқылы аурумен зақымдауы ықтимал. Осымен қатар инфекция сақтаушысы долана, шетен (рябина) ағаштары болып саналады.

Барлық үй іргесіндегі бақ иелері, шаруа қожалық иелері ерте көктемде профилактикалық шаралар ретінде

өз меншігіне тиесілі жеміс бақтарын мұқият тексеруі қажет.

Профилактикалық шаралар ретінде гүлдеу кезеңінде мыс-құрамды препараттармен бүркіп шашу қажет. Бүркіп шашуды бірнеше мәрте қайталаған абзал. Бактериалды күйік ауруына төзімді сортты жеміс ағаштарын отырғызу. Құресу шарасы ретінде жеміс күйігінің белгісі бар ағаш бұталарын кесу және оны 1% лизол немесе криозитпен дезинфекциялау ұсынылады. Өсімдіктің ауру және сау тұстарын анықтау үшін бұталарды кесу көктем, күз мезгілдерінде жүргізілуі тиіс. Барлық кесілген өркендер өртелінуі тиіс.

Күздің соңғы мерзімінде және ерте көктемде жеке бұтақтардың залалданған жеріне 20 см. жеткізбей кесіп, кесілген орнын 1% лизол немесе криозит ерітіндісімен дезинфекциялау қажет. Бақ отырғызу кезінде барлық агротехникалық іс-шараларды мерзімінде, талапқа сай орындап, жеміс ағаштарының биттерін, цикадкаларын жоюға қарсы химиялық өңдеу жүргізілуі қажет.

Құрметті аудан тұрғындары бақ ағаштарының қатерлі ауруынан сақ болайық.

Е.ӘСЕНБЕК,
ҚР АШМ АӨК «РФДЖБӨ»РММ
Ақсу аудандық филиалының фитопатологы.

ӨМІР САПАСЫН ЖАҚСARTTUҒA БАҒЫТТАЛҒАН НАҚТЫ ІСТЕРДІҢ КӨРІНІСІ

**МАНСАП
ОРТАЛЫҒЫ**
КАРЬЕРНЫЙ ЦЕНТР



Қазақстан Республикасының еңбек нарығын жаңғыртуға бағытталған 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында өңірлерде жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Бұл бастама халықты нәтижелі жұмыспен қамту, жаңа жұмыс орындарын ашу және әлеуметтік қолдауды күшейту арқылы ел экономикасының тұрақты дамуына серпін беруді көздейді. Аталған бағыттағы нақты көрсеткіштер мен атқарылған жұмыстар халық игілігі жолындағы маңызды қадамдардың бірі екенін аңғартады.

Жалпы жұмыспен қамту жоспары 1425 адамды құраса, бүгінгі таңда 514 азамат жұмыспен қамтылып, оның ішінде тұрақты жұмыс орындарына орналастырылғандар саны көп емес. Бұл – еңбек нарығында тұрақты жұмыстың әлі де сұранысқа ие екенін білдіреді. Ал, уақытша жұмыс орындары арқылы 323 адам қамтылып, бұл бағыттағы жоспардың айтарлықтай бөлігі орындалды.

Жұмысынан айырылуына байланысты әлеуметтік төлем алып отырған азаматтардың саны 155. Бұл көрсеткіш еңбек нарығындағы өзгерістерге жедел әрекет етудің және әлеуметтік қорғау шараларының маңызын көрсетеді. Сонымен қатар, биыл өңірде 13 тұжырымдама мен ұлттық жоба іске асырылып, 95 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған.

Мемлекеттік бағдарламалар аясында

ерекше назар аударылған жобалардың бірі – «10 мың халыққа 100 жұмыс орны» бастамасы. Бұл бағытта жоспарланған 249 жұмыс орнының әзірге 27-сі ашылды. Бұл көрсеткіші арттыру алдағы уақыттың басты міндеттерінің бірі болмақ.

Жастарды қолдау шаралары да назардан тыс қалған жоқ. Жастар практикасы бойынша 85 орын жоспарланып, қазіргі таңда 25 жас маман жолданды. Сонымен қатар, 18 жас тәжірибесін, ал, «Алғашқы жұмыс орны» жобасы арқылы 15 азамат еңбек жолын бастап, алғашқы тәжірибесін жалғастырып жүр.

Егде жастағы азаматтарды қолдауға бағытталған «Күміс жас» жобасы аясында да нәтижелі жұмыстар жүргізілуде. Жоспарланған 50 орынның 18-і қамтылып, мемлекеттік субсидия арқылы жұмыс

берушілерге қолдау көрсетілуде. Жұмыс беруші белгілеген еңбекақысының бірінші жылы 70%, екінші жылы 65 %, үшінші жылы 60 % субсидияланады. Мекеме 30 АЕК дейінгі көлемде 129 750 теңге жәрдемақы төлейді. Бұл жоба еңбекке қабілетті аға буын өкілдерінің белсенділігін арттыруға ықпал етуде.

Әлеуметтік жұмыс орындары толық орындалып, 50 азамат жұмыспен қамтылды. Бұл бағыттағы қаржылық қолдау да тұрақты жүзеге асуда. Бөлінген қаражаты – 23 млн 625 мың теңге. Өту мерзімі шаруа қожалықтарына маусымдық жұмысқа 6 ай, жеке кәсіпкерлерге 10 ай. Жалақының 35% мемлекет тарапынан, яғни 52 500 теңге субсидияланады. Сонымен қатар, қоғамдық жұмыстар арқылы 250 адам уақытша еңбекке тартылып, «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында елді мекендердің тазалығына атсалысып келеді. Бөлінген қаражаты 300 млн. теңге. Айлық еңбекақысы 103 800 теңге.

Кәсіпкерлікті дамыту мақсатында жаңа бизнес - идеяларға арналған гранттар бөлініп, маусым айынан бастап 18 азаматқа 400 АЕК көлемінде қаржылай қолдау көрсетілмек. Бұл бастама шағын және орта бизнестің дамуына жол ашады. Бөлінген қаражаты – 31 млн 140 мың тг. Грант көлемі – 1 730 000 теңге.

Кәсіптік оқыту бағыты бойынша да жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Ақсу агротехникалық колледжінде аспаз, электромонтер, программист және дәнекерлеуші мамандықтары бойынша 20 адам білім алуда. Оларға шәкіртақы, жатын орын, жолақы және медициналық тексеру шығындары толықтай өтелуде. Бөлінген қаражаты 14 млн 321 мың теңге. Оның ішінде - шәкіртақы 3 ай төленеді. Бір айға 43 574 x 3 = 130 722 теңге. Жатын орын 3 ай төленеді – 43 250 x 3 = 129 750 теңге. Жолақы 1 ай төленеді – 17 300 теңге. Ал, медициналық тексерілуге – 2 АЕК 8650 теңге. Барлығы: 286 422 теңге төленеді. Білім беру ұйымына 1 адамға, бір айға төленетін қаражат – 65 877 теңге.

Әлеуметтік қолдау шараларының бірі – мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек. II тоқсанға күнкөріс деңгейі 61 232 теңге. оның 70% кедейшілік шегі – 42 862 теңге. Электронды үкімет порталы, «FSM - social» мобильді қосымшасы арқылы түскен 106 өтінім арнайы комиссиямен қаралып, азаматтардың материалдық жағдайы жан - жақты тексерілуде.

Мүгедектігі бар азаматтарды жұмыспен қамту мәселесі де басты назарда. 9 мекемеде 12 жұмыс орны белгіленіп, әзірге 1 адам жұмысқа орналастырылды. Сонымен қатар, пробацялық бақылаудағы азаматтарға арналған квота толық орындалып отыр.

Жалпы алғанда, еңбек нарығын дамытуға бағытталған бұл шаралар халықтың әл-ауқатын арттыруға, жұмыссыздық деңгейін төмендетуге және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған. Алдағы уақытта жоспарлы көрсеткіштерді толық орындау үшін барлық мүдделі тараптардың бірлескен жұмысы жалғасын табады.

Бұл – тек статистика емес, бұл – әрбір азаматтың өмір сапасын жақсартуға бағытталған нақты істердің көрінісі.

Б.ҚҰРМАНҒАЛИЕВА,
Мансап орталығы филиалының директоры.

ЧЕРНОБЫЛЬ –
адамзат жадындағы
мәңгілік жара
НЕМЕСЕ
Ақсу ардагерлерінің
ерлігі және апат
салдары

1986 жылдың 26 сәуірі – адамзат тарихындағы ең қасіретті күндердің бірі. Сол күні Чернобыль апаты орын алып, бейбіт атомның бақылаудан шыққан қуаты мыңдаған тағдырды өзгертіп, тұтас аймақтың экологиялық, әлеуметтік, демографиялық келбетін мәңгілікке өзгертті. Биыл сол алапат оқиғаға 40 жыл толып отыр. Бұл – тек қаралы дата ғана емес, сонымен бірге ерлік пен жанқиярлықтың, азаматтық борыштың символына айналған кезең.

Ақсу өңірінің перзенттері – тарихтың үнсіз қаһармандары

Апаттан кейінгі алғашқы күндерден бастап Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен мыңдаған адам Чернобыльге аттанды. Олардың қатарында Ақсу ауданынан шыққан азаматтар да болды. Олар өз еркімен немесе әскери міндет бойынша апат аймағына жіберіліп, радиациямен күрестің алдыңғы шебінде қызмет етті.

Бұл ардагерлердің басты міндеті – жарылыстан кейінгі реакторды оқшаулау, радиациялық қалдықтарды тазарту, зардап шеккен аймақтарды қалпына келтіру болды. Қорғаныш құралдарының жетіспеуі, радиация деңгейінің аса жоғары болуы олардың өміріне күн сайын қауіп төндірді. Соған қарамастан, олар адамзат үшін үлкен қатердің алдын алу жолында өз денсаулығын да, өмірін де бөйгеге тікті.

Ақсулық ардагерлердің ерлігі – тек әскери немесе еңбек міндетін орындау ғана емес, бұл – шынайы патриотизмнің, адамзат алдындағы жауапкершіліктің көрінісі. Олардың көпшілігі кейінгі жылдары түрлі ауруларға шалдығып, денсаулығынан айырылды. Дегенмен, олардың есімі ел жадында сақталып, кейінгі ұрпаққа үлгі болып келеді.

Апаттың ауыр салдары

Чернобыль апатының салдары орасан зор болды. Біріншіден, бұл – экологиялық апат. Украина, Беларусь және Ресейдің үлкен аумақтары радиациялық ластануға ұшырап, мыңдаған гектар жер жарамсыз болып қалды. Ормандар қурап, жануарлар дүниесі зардап шекті, ал кейбір аймақтар бүгінгі күнге дейін адам өміріне қауіпті болып отыр.

Екіншіден, адам денсаулығына келтірілген зиян. Радиацияның әсерінен онкологиялық аурулар, қалқанша безінің бұзылуы, генетикалық мутациялар көбейді. Апатты жоюға қатысқан ликвидаторлардың көпшілігі түрлі созылмалы дертке шалдықты.

Үшіншіден, әлеуметтік - психологиялық салдар. Мыңдаған адам туған жерін тастап, көшуге мәжбүр болды. Чернобыльден эвакуацияланған тұрғындар жаңа ортаға бейімделуде қиындықтарға тап болды, ал олардың өмірінде қорқыныш пен белгісіздік ұзақ уақыт сақталды.

Ерлікке тағзым – болашаққа сабақ

Чернобыль апаты – тек өткеннің қасіреті емес, ол – болашақ үшін үлкен сабақ. Ядролық энергияны пайдалану кезінде қауіпсіздік шараларының маңыздылығы, адам өмірінің құндылығы тағы бір мәрте дәлелденді.

Ақсу ауданынан шыққан ардагерлердің ерлігі – ұрпаққа аманат. Олардың жанқиярлығы мен батылдығы ешқашан ұмытылмауы тиіс. Бүгінгі күні олардың еңбегін бағалау, әлеуметтік қолдау көрсету, есімдерін деріптеу – қоғамның парызы.

40 жыл өтсе де, Чернобыльдің жарасы толық жазылған жоқ. Бірақ сол қасіреттен туған ерлік пен бірлік рухы адамзатқа үміт сыйлайды. Ақсулық ардагерлердің тағдыры – тарихтың тірі куәсі, ал олардың ерлігі – мәңгілік үлгі.

Ербол СЫМХАНОВ.



**МАНСАП
ОРТАЛЫҒЫ**
КАРЬЕРНЫЙ ЦЕНТР

МЕМЛЕКЕТТЕН УАҚЫТША ЖҰМЫС ОРНЫН ТАҢДАҢЫЗ

АЛҒАШҚЫ ЖҰМЫС ОРНЫ

алғашқы жұмыс орнында тәжірибе алу үшін кәсіби білімі жоқ 35 жастан аспаған жастарға арналған жұмыс жұмыс ұзақтығы 18 айдан аспайды, жалақыны мемлекет 30 АЕК мөлшерінде төлейді

жобаға қатысу аяқталғаннан кейін жұмыссызға кемінде 12 ай мерзімге тұрақты жұмыс орны беріледі, жалақы мөлшерін жұмыс беруші айқындайды

ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ОРНЫ

жұмысқа талаптар жұмыс берушімен анықталады, ұзақтығы: 12 айдан аспайды, жалақының мөлшерін жұмыс беруші орнатады, жалақының 35%-ын мемлекет төлейді

ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫСТАР

әлеуметтік пайдалы жұмыс, кәсіптік білім талап етілмейді, ұзақтығы 12 айдан аспайды, жалақы - 24 АЕК-тен төмен емес

ЖАСТАР ПРАКТИКАСЫ

оқуды 5 жылдан артық емес уақыт бұрын бітірген және алған мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі жоқ, колледждер мен жоғары оқу орындарының 35 жастан аспаған түлектеріне арналған, кәсіби бойынша бастапқы тәжірибе алу үшін жұмыс

жұмыс ұзақтығы 12 айдан аспайды, жалақы 30 АЕК-тен кем емес

КҮМІС ЖАС

Күміс жас бойынша жұмыс орны зейнеткерлік жасқа толмаған, 50 жастан асқан жұмыссыз адамдарды жұмысқа орналастыру үшін құрылады

Күміс жасқа қатысу ұзақтығы 36 айдан аспайды аяқталғаннан кейін жұмыс беруші зейнеткерлікке шыққанға дейінгі зейнеткерлік жастағы адамдар үшін, сондай-ақ, кемінде 1 жыл мерзімге зейнеткерлік жасқа толмаған адамдар үшін тұрақты жұмыс ұсынады

жалақыны жұмыс беруші белгілейді және төлейді, бұл ретте 30 айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) аспайтындай мемлекет алғашқы 12 айда - жалақының 70%-ын; 13 айдан 24 айға дейін - жалақының 65% -ын; 25 айдан 36 айға дейін - жалақының 60% - ын төлейді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢБЕК НАРЫҒЫН
ЖАҢҒЫRTUҒA БАҒЫТТАЛҒАН 2024 – 2029 ЖЫЛДАРҒА
АРНАЛҒАН ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ АЯСЫНДА

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

АБАЙЛАҢЫЗ ИНТЕРНЕТ



Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 197 (153) интернет алаяқтық фактілері тіркелген, жалпы алғанда өткен жылмен салыстырғанда интернет-алаяқтық 28,8%-ға азайған.

197 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдықорған қаласы-108, Текелі қаласы – 19, Ақсу – 9, Алакөл – 11, Ескелді – 10, Кербұлақ – 8, Көксу – 6, Қаратал – 10, Панфилов – 7, Сарқан – 9. Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері WhatsApp мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. А. арызы бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған.

Көбінде, Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының арты жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды. Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қонырауларды пайдаланады, өткені WhatsApp қонырауларды бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаяқтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайттарын пайдалану арқылы да жасалады. Өлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте», арқылы мүлікті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ИІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере бастады.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

ИІМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлікті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.

2. Өзінің дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етеміз.

3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбеңіз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.

4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.

5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.

6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келуі мүмкін.

7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруды, яғни 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.

8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

Айдын ТӨРЕБЕКОВ,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Жетісу облысы бойынша Департамент бастығы, аға әділет кеңесшісі.

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз етеді

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тұлғаның өкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар);

- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн-нан астам анықтама);

- Жалғыз тұрғын үй авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама);

- Жылжымайтын мүліктің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);

- «Занды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);

- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама);

- Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);

- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама);

- Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру (жылына 78 339 анықтама).

Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

1) мекенжай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғаларға арналған сервис арқылы беріледі (https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11);

2) есепке алынуы Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі ту-

рала мәліметтерді ақпараттық ресурста қолжетімді ету болып табылады [kgd.gov.kz \(https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web\)](https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web);

3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;

4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;

5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Занды тұлғалар» мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі.

Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімнен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматында қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жекелеген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндірілді. Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылы 21 қазанда № 21463 Әділет министрлігінде тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің есебі бойынша тұлғаның өкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың өкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғаман алу сервисі» және eGov mobile арқылы өкімшілік анықтаманы үшінші тұлғаман алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлдың біл» атты қосымшадағы Комитеттің <http://qamqor.gov.kz> сайтынан алуға болады, өзінің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып. Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызметімізді оңайлатып және жеделдетіп

порталдан алуға болатын мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданатын.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғаман алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады.

Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның форнт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосым Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы – азаматтардың мобильді базасына тіркелу.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзинің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Комитеттің қызметтерін 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Әділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық департаментінің архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмау, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Қызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

Али БАЛАБЕКОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің
Жетісу облысы бойынша
Департаментінің қылмыстық
саладағы құқықтық ақпаратты
қалыптастыру прокуроры.

ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАҢА (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Жетісу облысы, Ақсу ауданы әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидалары бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығы негізінде, «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жарияланған соң 30 күнтізбелік күннен кейін, 15 жұмыс күні ішінде,

2026 жылдың 25 мамырынан 15 маусым күнін қоса алғанда дейін қабылданады. Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі 5Д, Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне табыс етеді.

Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттама) соңғы мерзімі: **2026 жылдың 15 маусым күні 18 сағат 30 минутқа дейін.**

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер **2026 жылдың 16 маусым күні 10 сағат 00 минутта** мына мекен жайда ашылады: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі 5, аудан әкімінің орынбасары кабинетінде.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі **конкурсқа қатысуға өтінімдегі:**

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (заңды тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтері;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауылшаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауылшаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауылшаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішкілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауылшаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауылшаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауылшаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын ертаратпандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, Конкурстық ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және **2026 жылғы «16 маусымға»** дейін ашуға болмайды" (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін (72832) 2-21-26 телефон арқылы хабарласуға болады.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ.

№	Орналасқан жері	Алаңы, га.	Алқап құрамы	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Балл бонитеті	Су көздерімен қамтасыз етілуі	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы
1	Жаңалық ауылдық округі	9,6777	суармалы егістік	Ашық сұр шалғынды	71	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
2	Жаңалық ауылдық округі	9,6793	суармалы егістік	Ашық сұр шалғынды	42	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
3	Жаңалық ауылдық округі	9,6796	суармалы егістік	Ашық сұр шалғынды	42	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
4	Жаңалық ауылдық округі	6,0083	суармалы егістік	Ашық сұр шалғынды	71	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
5	Жаңалық ауылдық округі	6,0081	суармалы егістік	Ашық сұр шалғынды	71	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
6	Жаңалық ауылдық округі	6,0084	суармалы егістік	Орташа сорлау ашық сұр шалғынды	28	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
7	Жаңалық ауылдық округі	6,0082	суармалы егістік	Өлсіз сортаңдау ашық шалғынды	12	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
8	Жаңалық ауылдық округі	9,2359	суармалы егістік	Өлсіз сортаңдау ашық шалғынды	12	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
9	Жаңалық ауылдық округі	9,2353	суармалы егістік	Орташа сорлау ашық сұр шалғынды	28	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған

ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННО-ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО ПРОИЗВОДСТВА

Ақсуский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа №518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министр сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства», в районной газете «Ақсу өңірі» и интернет-ресурсе Акимата Ақсуского района объявляет о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявки на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 30 календарных дней после публикации, в течении 15 рабочих дней; **с 25 мая по 15 июня 2026 года.** по адресу: (область Жетісу, Ақсуский район, село Жансүгіров, улица Жансүгіров, 5Д,) в кабинете №6, отдел сельского хозяйства и земельных отношений Ақсуского района.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается: **15 июня 2026 года, в 18 часов 30 минут.**

Вскрытия конвертов с конкурсной документацией будет проведена

16 июня 2026 года в 10 часов 00 минут (область Жетісу, Ақсуский район, село Жансүгіров, улица Желтоқсан 5) в кабинете заместителя акима Ақсуского района.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданства, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

конкурсное предложение;

обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать:

бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства".

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсному предложению указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: **«16 июня 2026 года»** (указывается точная дата).

Для получения дополнительной информации и запроса звоните 8 (72832) 2-21-26

ОТДЕЛ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА И ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ АҚСУСКОГО РАЙОНА.

№	Орналасқан жері	Алаңы, га.	Алқап құрамы	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Балл бонитеті	Су көздерімен қамтамасыз етілуі	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы
10	Жаңалық ауылдық округі	9,2357	суармалы егістік	Өлсіз сортаңдау ашық шалғынды	18	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
11	Жаңалық ауылдық округі	9,2357	суармалы егістік	Өлсіз сортаңдау ашық шалғынды	18	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
12	Жаңалық ауылдық округі	6,4413	суармалы егістік	Өлсіз сортаңдау ашық шалғынды	18	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
13	Жаңалық ауылдық округі	6,4418	суармалы егістік	Орташа сорлау ашық сұр шалғынды	28	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
14	Жаңалық ауылдық округі	6,4484	суармалы егістік	Өлсіз сортаңдау ашық шалғынды	18	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
15	Жаңалық ауылдық округі	6,4428	суармалы егістік	Өлсіз сортаңдау ашық шалғынды	12	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
16	Жаңалық ауылдық округі	8,2	суармалы егістік	Өлсіз сортаңдау ашық шалғынды	18	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
17	Жаңалық ауылдық округі	9,0	суармалы егістік	Өлсіз сортаңдау ашық шалғынды	18	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
18	Жаңалық ауылдық округі	9,0	суармалы егістік	Ашық сұр шалғынды	71	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған

МӘМС жүйесіндегі төлемдерді уақтылы төлеу: мерзімді сақтаудың маңыздылығы

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры азаматтардың МӘМС жүйесіндегі медициналық көмекке үздіксіз қол жеткізуінің негізі – аударымдар мен жарналарды уақтылы төлеудің маңыздылығын еске салады.

«Сақтандырылған» мәртебесі тек соңғы 12 ай ішінде төлемдер үзбей жүргізілген жағдайда ғана беріледі. Ал, үзіліс болған жағдайда мәртебе уақытша тоқтатылады, бұл МӘМС жүйесіндегі медициналық көмекке қолжетімділікті шектейді.

Жарналар мен аударымдар ай сайын төленуі тиіс. Олардың толық әрі уақтылы төленуін мемлекеттік кірістер органдары бақылайды. Мерзімдер бұзылған жағдайда өсімпұл есептеледі, сондай-ақ салықтық әкімшілендіру шаралары қолданылады.

Мемлекеттік кірістер комитеті Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен бірлесіп, МӘМС жүйесіне аударымдар мен жарналарды төлеу бойынша міндеттемелердің орындалуын тұрақты түрде мониторингтен өткізеді.



2025 жылдың қорытындысы бойынша жұмыс берушілер, жеке кәсіпкерлер және жеке практикамен айналысатын тұлғалар арасында жарналар мен аударымдарды уақтылы төлеу жағдайлары жиі тіркелген.

Шектеулердің алдын алу және медициналық көмекке қолжетімділікті сақтау үшін төленбеген кезеңдердің бар-жоғын тексеріп, қажет болған жағдайда өткізіп алған айлар үшін төлем жасаған жөн.

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Ресми сайт – <https://msqory.kz/ru/>
 YouTube-канал – https://www.youtube.com/@msqory_kz
 Telegram-канал – <https://t.me/medsaqtandyru>
 Facebook – <https://www.facebook.com/msqory/>
 Instagram – https://www.instagram.com/msqory_kz/

Ерекше қажеттіліктері бар адамдарды әлеуметтік қолдау



Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясат олардың қоғамға толыққанды кірігуіне және халықтың осы санаты басқалармен теңдей өмір сүріп, жұмыс істеп, білім алуы, қоғам өміріне еркін қатысуы, белгілі бір шешімдер қабылдауы және т. б. үшін кедергілерді еңсеруге, жоюға бағытталған.

Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету үшін әлеуметтік оңалту шеңберінде организмнің жоғалтқан функцияларының орнын толтыруды, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді қамтитын көп деңгейлі әлеуметтік қорғау жүйесі жұмыс істейді.

Мүгедектігі бар адамдар көрсетілімдері мен қарсы көрсетілімдері ескеріле отырып, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен протездік-ортопедиялық көмекпен, сурдотифлотехникалық құралдармен, кресло-арбалармен, санаторий-курорттық емделумен, міндетті гигиеналық құралдармен, жеке көмекшінің және ымдау тілі маманының қызметтерімен қамтамасыз етіледі.

Азаматтарға ыңғайлы болу үшін 2020 жылғы мүгедектігі бар адамдарға оңалтудың техникалық құралдары мен

қызметтерін өндіруші мен жеткізушіні өз бетінше таңдауға мүмкіндік беретін «Әлеуметтік қызметтер порталы» іске қосылды.

Санаторий-курорттық емделуді ұсыну мүгедектігі бар адамдарды санаторий-курорттық емделумен қамтамасыз етуге медициналық қарсы көрсетілімдерді ескере отырып, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі әзірлеген мүгедектігі бар адамды оңалтудың жеке бағдарламасына негізінде жүзеге асырылады.

Санаторий - курорттық емделуді ұсыну портал немесе мемлекеттік сатып алу арқылы жүзеге асырылады. Санаторий-курорттық емделу күнтізбелік жылда бір реттен артық емес он төрт тәуліктен аспайтын мерзімге беріледі.

Санаторий - курорттық емделу жол жүру шығыстарын төлеу мүгедектігі бар адамның

қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Мүгедектігі бар баланы санаторий-курорттық емделуге алып жүретін заңды өкілдің бірінің жол жүру шығыстарын төлеу алып жүрушінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертiгуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамға санаторий-курорттық емделуге жолдама Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 937-бабына сәйкес жұмыс берушінің есебінен беріледі.

Жұмыс беруші - дара кәсіпкердің қызметі тоқтатылған немесе заңды тұлға таратылған, сондай-ақ, оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енген кезде жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертiгуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамға санаторийлік-курорттық емделу Кодекстің 160-бабына сәйкес мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен беріледі.

К.БЕКІШОВА,
Ақсу ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы.

КІТАП- АДАМЗАТТЫҢ АСЫЛ ҚАЗЫНАСЫ

23 сәуір – Ұлттық кітап күні. Бұл күн – адамзаттың ең асыл қазыналарының бірі – кітапқа деген құрметті арттырып, оқырман мен кітап арасындағы алтын көпірді нығайтатын маңызды мереке. Бұл күн-әлем бойынша ЮНЕСКО-ның бастамасымен Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күні ретінде де аталып өтеді. Қоғамды дамытудағы басты факторлардың бірі – оқырман ұлт қалыптастыру. Бұл міндет кітапқа деген қызығушылық пен оқу мәдениетін нығайту арқылы жүзеге асады. Жастардың кітапқа деген сүйіспеншілігін ояту – Қазақстанның рухани, мәдени, ғылыми мүдделері мен білім беру салаларын нығайтудың негізгі бағыттарының бірі. Қазіргі таңда электронды форматтағы ақпарат көздері танымал болғанымен, қағаз нұсқадағы баспа кітаптардың орны ерекше. Олар оқырманға жағымды эмоция сыйлайды, жайлылық пен рухани тыныштыққа ие болуға мүмкіндік береді. Баспа кітаптар әсіресе аға буын мен әдебиет әуесқойлары арасында үлкен сұранысқа ие.

Осынау атаулы мерекеге орай, қоғамның, соның ішінде жастардың мәдени, рухани жетілуіне, кітапқа деген оқырман қызығушылығын арттыру мақсатында, 22 сәуір күні Арасан ауылдық кітапханасы мектеп кітапханасымен бірлесе отырып, «Кітап- адамзаттың асыл қазынасы» тақырыбында әдеби сағат өтті. Шара барысында қазақ әдебиетінің алып тұлғаларының шығармаларынан және жер жанның Жетісудың ардақты перзенті, арайлы Ақсу өлкесінің тумасы, жерлесіміз Ілияс Жансүгіровтің өнегелі өмір жолын, қазақ поэзиясына жазылған танымал өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқыды. Кітап туралы сұрақ- жауаптар қойылып, оқырмандар өз ой - пікірлерімен бөлісті.

Қорта айтар болсақ, Ұлттық кітап күні – барша оқырман үшін ерекше күн. Бұл күн кітапты сүйетін, рухани дамуға ұмтылатын әрбір жанды біріктіретін, білім мен парасаттың мерекесі.

Алима ШАПИЫҚ,
Арасан ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

МАМАН КЕНЕСІ

КЕНЕ ЭНЦЕФАЛИТИ



Кене энцефалиті (encephalitis acinarum) – кене арқылы тарайтын, ми қабынуын және орталық жүйке қабынуын тудырып, орталық жүйке жүйесін қатты зақымдайтын, жедел өтетін жұқпалы ауру. Кейде кене энцефалиті табиғи-ошақты тайгалық энцефалит, көктемгі-жаздық энцефалит деп те атайды. Кене энцефалитімен ауыратын адам тасымалдаушысы ретінде қауіпсіз болып табылады.

Вирустың жұғу жолдары: алиментарлы жол – шикі сүт пайдаланғанда (сыыр, ешкі, қой), Кене шағуы – вирус кененің сілекейі арқылы қанға өтуі арқылы жұғуы мүмкін. Кенеге вирус ауру жануарлардың қанын сорғанда жұғады. Сондықтан осындай кенелер жайлайтын жерде кене энцефалитінің тұрақты табиғи ошағы пайда болады. Елді мекендерде ірі қара мал, ешкі, қой және ит кенеден жұққан кене энцефалитін таратады.

Клиникалық түріне қарамастан ауру жедел басталып, жалпы интоксикация синдромымен өтеді. Дене қызуының өте тез жоғарлап 38-39С қа дейін барып, бас ауруы, жүрек айнуып, құсу белгілері байқалады. Науқастың бет, мойын, кеуденің жоғарғы бөлігінің гиперемиясы байқалады. Кез келген ньютивасы тамырының инъекциясы, кейде жас ағаруы жақсы көрінеді. Және аурудың бастапқы кезеңінде тырысу синдромы байқалуы мүмкін.

Госпитализациялау міндетті түрде жүргізілуі керек.

Кенеден сақтану жолдары: Оорманға барғанда жабық киім кию, арнайы репелленттер қолдану.

Вакцинация: кенелік энцефалитке қарсы ең тиімді қорғаныс жолы – екпе алу.

Кенені дұрыс алып тастау: кенені тез және абайлап алып тастау керек, өйткені оның басы теріде қалса, инфекция жұғуы мүмкін.

Осыған байланысты Қапал ауыл шетіне 2025 жылдың 28 наурыз айындағы №89 – н, №67 – н бұйрық бойынша кене энцефалиті алдын алу мақсатында кенеге қарсы өңдеу жұмыстары жүргізіледі. I – кезеңі 13.04 – 15.04.2026 ж, II – кезеңі 10.06 – 11.06.2026 жыл аралығында өңдеу жұмыстары жүргізіледі.

Өңдеу жұмыстары жасалғаннан кейін 45 күннің ішінде, мал жаюға және балалардың ойнауына, демалуға баруға болмайды. Ескертеміз уланудан сақ болыңыздар!

А.РАХЫМЖАН,
дезинфектор.

СЕЛ ЖӘНЕ СУ ТАСҚЫНЫ – ТАБИҒИ ҚАУІП

Сел мен су тасқыны – адам өмірі мен қоршаған ортаға үлкен қауіп төндіретін табиғи құбылыстар. Олар көбіне көктемде қардың тез еруінен, нөсер жаңбырдан немесе таудағы мұздықтардың еруінен пайда болады. Әсіресе таулы аймақтарда сел жүру қаупі жоғары.

Сел – тау беткейінен лай, тас және судың қатты жылдамдықпен ағуы. Ол жолындағы үйлерді, жолдарды, көпірлерді қиратып, үлкен шығын әкелуі мүмкін. Ал су тасқыны өзен-көлдердің арнасынан асып, айналаны су басуымен сипатталады.

Мұндай апаттардың алдын алу үшін қауіпсіздік ережелерін сақтау маңызды.

Қауіптің алдын алу үшін:

- Ауа райы болжамын үнемі бақылаңыз;
- Өзен-көл жағасына жақын бармаңыз;
- Құжаттарыңыз бен қажетті заттарды дайын ұстаңыз;

- Балаларды қараусыз қалдырмаңыз;
- Қауіпті жағдайда биік, қауіпсіз жерге дереу шығыңыз.

Табиғатты қорғау, өзен арналары мен су жүйелерін дұрыс күтіп ұстау да сел мен тасқынның зардабын азайтуға көмектеседі. Сондықтан әр адам табиғатқа жауапкершілікпен қарап, сақтық шараларын ұмытпауы қажет.

Төтенше жағдай кезінде сабыр сақтап, арнайы қызметтердің нұсқауын орындаңыз. Өз өміріңіз бен жақындарыңыздың қауіпсіздігі – өз қолыңызда!

Ж.ЕШМҰХАНБЕТОВ,
«Қазселденқорғау» мемлекеттік мекемесінің «Жетісу Алатау аумақтық пайдалану басқармасы» филиалы Қапал өндірістік-пайдалану бөлімінің басшысы.

БАСПАСӨЗ - 2026

АҚСУ Өңірі

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ 2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "Қазпошта" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

"Ақсу өңірі" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 5672 теңге және жарты жылға 2836 теңге.

Газет индексі: 65750

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті
Құрылтайшы, директор -
бас редактор
ҚАСЫМБЕКОВА ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2536

Директор - бас редактор - 2-12-90, жауапты хатшы - 2-12-90.

Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz

Индекс: 65750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.